

Д.О. Айтенова^{1*}, Н.Ш. Базарбекова²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

²Шымкент университеті, аға оқытушы
Шымкент қ., Қазақстан

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада әдебиетті оқытудағы инновациялық технологияларды қолдану тиімділігі мен педагогикалық аспектілері сөз болады. Инновациялық оқыту – педагогикалық ізденіске, оқу процесінің өнімділігін арттыруға негізделген жоба. Ол – оқытудың маңызды аспектілерін жетілдіру, оқу процесін оңтайландыру, білімді тереңдету және таным әрекетін белсенді ұйымдастырудың ұтымды формасы. Болашақ мамандарға жан-жақты сапалы білім беру, кәсіби шеберлікті қалыптастыру үшін жаңа инновациялық технологияларды меңгерту – оқытушылардың алдында тұрған көкейкесті мәселе және ізденіс арнасы. Өз пәнін оқыту тәжірибесімен бөліскен оқытушы студент белсенділігін арттыру, материалды меңгертудегі әдіс-тәсілдерді студенттермен біріге отырып таңдау және белсенді жұмыс ортасын ұйымдас-тыру мәселелеріне тоқталады. Инновациялық технология ерекшеліктері мен студенттердің шығармашылық ізденісін дамыту бағытында жасалған жұмыс нәтижелері туралы ой бөліседі. Автор студент еркіндігі мен шығармашылығына, өзіндік таңдауына мүмкіндік беру және технологияны қолдануда білім деңгейіне қарай өзгертіп, жаңарта пайдаланудың жұмыс нәтижелілігі үшін қаншалықты тиімді болатынына тоқталады.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, педагогикалық ізденіс, оқу процесі, оқыту аспектілері, әдебиетті оқыту.

Айтенова Д.О.^{1*}, Базарбекова Н.Ш.²

¹Южно-Казахстанский Государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

²Шымкентский университет, Шымкент, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация.

В статье рассматривается эффективность использования инновационных технологий в обучении литературе Караханидского периода. Инновационное обучение это проект, основанный на педагогическом поиске и повышении производительности учебного процесса. Она представляет собой рациональную форму совершенствования важнейших аспектов обучения, оптимизации учебного процесса, углубления знаний и активной организации познавательной деятельности. Качественное всестороннее образование будущих специалистов, освоение новых инновационных технологий для формирования профессионального мастерства – актуальная проблема и канал поиска, стоящий перед преподавателями. Преподаватель, поделившись опытом преподавания своего предмета, приходит к вопросам повышения активности студентов, выбора методов и приемов усвоения материала совместно со студентами и организации активной рабочей среды. Выражается мнение об особенностях инновационной технологии и результатах проделанной работы по развитию творческого поиска студентов. Автор акцентирует внимание на том, насколько эффективным для результативности работы может быть изменение и обновление технологии в зависимости от уровня знаний, позволяющее студенту свободно делать свой собственный, творческий выбор.

Ключевые слова: инновационные технологии, педагогический поиск, учебный процесс, аспекты обучения, преподавание литературы.

Aitenova D.^{1*}, Bazarbekova N.²

¹South Kazakhstan State Pedagogical University. Shymkent, Kazakhstan.

²Shymkent University. Shymkent, Kazakhstan.

PEDAGOGICAL ASPECTS OF THE APPLICATION OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN THE TEACHING OF LITERATURE

Abstract

The article examines the effectiveness of innovative technology in the teaching of Karakhani literature. Innovative learning is a project based on pedagogical search and improvement of learning process performance. It is a rational form of improving the most important aspects of teaching, optimising the learning process, deepening knowledge and actively organising cognitive activities.

Quality comprehensive education of future specialists, mastering of new innovative technologies for the formation of professional skills is an urgent problem and a channel of search facing teachers. The teacher, sharing the experience of teaching his subject, comes to the issues of increasing the activity of students, the choice of methods and techniques of mastering the material together with the students and the organization of an active working environment. An opinion is expressed about the peculiarities of innovative technology and the results of the work done to develop the creative exploration of students. The author focuses on how effective for the effectiveness of the work can be if to change and update the technology depending on the level of knowledge, allowing the student to freely make their own, creative choice

Keywords: innovative technology, pedagogical search, learning process, aspects of learning, teaching of literature.

Кіріспе. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі – инновациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың оқу белсенділігі мен жұмыс өнімділігін арттыру. ЖОО оқытушылары өз тәжірибесінде инновациялық техноло-гияларды ұтымды пайдалану арқылы пәнді оқытуды сапалы әрі қызықты ұйымдастыруды нәтижелі түрде жүзеге асыруда. Бұл – заман талабы. Жаһандану процесі жағдайында уақыт талабы күшейіп, білім беру жүйесінің заманауи талаптарға сай болып, тұлғаның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуін алдыңғы орынға шығаруда. Әлемдік білім беру кеңістігінде орын алып отырған тың идеялар педагогтерден бүкіл білім беру жүйесіндегі реформа аясында біліктілікпен жұмыс істеп, педагогтік ізденісті жетілдіруді қажет етеді. Ал инновациялық технология жаңашылдықпен оқыту дәстүрі, белгілі бір пәнді оқытуда оның ерекшелігін ескере отырып білімді сапалы игерту мүмкіндігі болып табылады. В.М. Щепель: «Технология – бұл өнер, шеберлік, біліктілік жағдайды өзгерту, өңдеу әдістерінің жиынтығы» деп атап көрсетеді [1]. Демек, инновациялық технология педагог шеберлігін арттыратын, оқу процесі мен білім алу ізденісіне жаңа бағдар беретін, шығармашылық пен тұлға болмысының дамуына ықпал ететін үлгі, оқыту түрі мен тәсілдерін анықтайтын педагогикалық-психологиялық нұсқау жиынтығы. Ал инновациялық технологияларды қандай да бір пәнді оқытуда қолдану белгілі бір жүйеде, мақсат-міндеттер аясында жүзеге асырылады. Ол өз кезегінде білімдер және ғылыми-зерттеу қызметтерінің жүйесі болып табылатын екі бағытты қажет етеді, яғни әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету және әдіснамалық зерттеу бағыттарын айқындайды. В.В. Краевский өз еңбегінде әдіснама білімін меңгеруде оның әдіснамалық деңгейлерін: бірінші – философиялық білім мазмұны, екінші – жалпы ғылыми әдіснама (жүйелі әрекет амалдары, түрлі ғылыми зерттеу сипаттары, оның кезеңдері мен элементтері яғни болжам, нысан, зерттеу пәні, мақсат, міндеттер т.т.), үшінші – белгілі бір пәнді зерттеу ерекшеліктеріне қатысты зерттеу қағидалары мен түрлі әдістер жиынтығы болып табылатын нақты ғылыми әдіснама деп атап көрсетіп, кейбір ғалымдардың зерттеу техникасы мен әдістерден тұратын төртінші деңгейін көрсететініне тоқталады. «Методология – это не только «учение» как совокупность знаний, но и область познавательной деятельности» деп, әдіснама туралы ойын тұжырымдайды [2].

Біз инновациялық технологияны қолдану мақсатымыз бен әдіснамалық қадамдарды нақтылап алу үшін студенттермен бірлескен «Ой-пікірлер алаңын» ұйымдастырдық. Студенттерге әдіснама, инновациялық технологиялар мен оқыту әдістемелері туралы әдебиеттер тізімі ұсынылды. Осы пікір алмасу, ойталқы негізінде студенттер әдебиетті оқыту барысында инновациялық технологияны қолданудың әдіснамалық амалдары, педагогикалық технологияның философиялық негізі, инновация-

лық технологияларды енгізу мақсаты мен пәнді оқытудың педагогикалық аспектілері туралы мол ақпарат алды.

Инновациялық технологияларды қолдану мақсаты – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын, білім беру үдерісін жетілдірудің әдіснамалық негіздерін танып-білу, студенттердің еркін ойлау белсенділігі мен шығармашылығын арттыру, сонымен бірге ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеу. Осы мақсаттан шығармашыл тұлғаны дамыту, тың педагог ізденісінің мәні мен маңызын айқындап, білім алушының тұлғалық болмысының сапалық белгілері мен қасиеттерін қалыптастыру міндеттері туындайды. Инновациялық технология-ларды қолдану – тұлға дамуы мен шығармашылық қарым-қабілетін дамыту нәтижесіне бағдарлайтын маңызды үдеріс.

Материалдар мен әдістер. Жоғары оқу орны педагогикасы бойынша маңызды екі аспекті айқын: бірі – жеке тұлғаны дамытуға бағытталған тұлғалық іс-әрекет; екіншісі – іс-әрекеттің заңдылықтарын, ұстанымдарын, әдістерін ашатын ғылыми теория. Тұлғаның іс-әрекетіне байланысты педагогика да адаммен бірге пайда болып, оның дамуы мен тәрбиесіне қатысты (саналы ойлау ерекшеліктері, өмірден жинақталған тәжірибелер, ұрпақтар сабақтас-тығы мен қарым-қатынасы т.т.) дамып отырған ғылым. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, пәнді оқыту ғылыми білім беру ғана емес, шебер маман даярлау және оның бесекеге қабілеттілігін қалыптастыру. Бұл – инновациялық технологияларды қолдану маңыздылығы мен тиімділігін айқындайтын уақыт талабы. Инновациялық технологияларды тиімді қолдану білім беру принциптерімен үйлесімде жүзеге асырылады:

- білім игеру барысында саналы түрде басқарылатын өзгерістер принципі;
- материалдық-техникалық және ақпараттық қамтылу принципі;
- инновациялық үдерістің мақсатты түрде жүзеге асырылу (оң/теріс) нәтижесін болжау принципі;
- инновациялық үдерістің тұрақтылығын арттыру принципі;
- инновациялық үдерістердің жаңашылдық қарқынын үстеу принципі [3].

Инновациялық технология, білім беру принциптері мен үдерістерді нақтылап алу – ежелгі әдебиетті оқыту, оның ішінде Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мәселесінде студент-тердің шығарма мазмұнын меңгеру немесе осыған дейінгі білім (зерттеулер, болжамдар, пікірлер) деңгейінде қалып қоймай, белсенді түрде өз көзқарасы мен жаңа бағыттағы зерттеулерге қадам жасау қабілеттері мен тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға айқын бағдар.

Қазіргі студент – болашақ маман, сонымен бірге оқу-тәрбие жүйесінің белсенді субъектісі. Әдебиет пәнін меңгерген студенттің кәсіби даярлығы шығармашылық тұрғыдан ұйымдастырылуы жоғары деңгейде болуы керек. Мақсатқа сәйкес, болашақ мамандық теориясы және технологиясын жетік білуге бағыттау, пәнді оқытудың зерттелуді қажет ететін өзекті мәселелерін анықтап, талқылауға бағдарлау, пәнге қатысты маңызды мәселелердің жоғары оқу орындары мен жалпы мектепке қатысты да қарастырып, қоғам дамуына байланысты жан-жақты зерттеуге, ой тұжырымдауға баулу бағыттарын жүзеге асырудың әдіснамалық білім көзін жетік меңгерту міндеттері меделенеді. Бұл орайда ЖОО оқытушылары педагогиканың негізгі ұғымдарын басшылыққа ала отырып, пәнді оқыту барысында педагогикалық жеке құбылыстардың мәнін ашу, олардың өзара байланысы мен бір-біріне ықпалының деңгейін қарастыру бағытында жұмыс істейді. Ал ол өз кезегінде негізгі категориялар (тәрбие, білім беру, оқыту, педагогикалық процесс, тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, дамыту, қалыптастыру, заңдылықтар, әдіснама) мазмұнының тың өзгеріс-теріне жол ашады. Бұл әлемдік даму мен уақыт талабы: өзгерістер орын алған жағдайда ғана даму жүзеге аспақ. Осы тұста инновациялық технологиялар ролі мен маңызы айқындала түседі. Өйткені, білім берудегі жаңашылдық және педагогикалық процестің жүйелілігі, синергетикалық амалдар, білім беру философиясы да, жалпы ғылыми әдіснама да, белгілі бір пәнді оқытуға негізделген зерттеу қағидалары мен түрлі әдістер жиынтығы тұтастығына негізделетін әдіснамалық амалдарға әсері мен ықпалы айқын көрініс табады, студент практикалық жұмыстар барысында түсініп қабылдайды. Қ.Бітібаеваның: «Технология туралы өз пайымдауымызға келсек, ол – ең біріншіден, диагностиканы басшылыққа алған жеке тұлғаға қарай бағыттаған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға ең алдымен өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Ал әрекет іс-қимылдармен жүреді. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен меңгеруіне түрткі жасау – технологияның басты белгілері» деген сөздері ойымызды растай түседі[4].

Ежелгі әдебиетті, оның ішінде Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқыту барысында біз инновациялық технологиялар қолдану арқылы негізгі категориялар мен уақыт талабы мүддесінен шығуды көздедік. Аталған дәуір әдебиетінің мазмұны педагогиканың негізгі ұғымдарынан алшақ кетпеуі – оның басты ерекшелігі. Өйткені ол – өз кезеңіндегі ұрпақ тәрбиесіне қатысты халық педагогикасының негізі және жаңа ғасыр педагогикасы түсініктерімен салыстыра отырып, мол ақпарат алу көзі. Сөзімізге дәлел ретінде, студенттермен әл-Фарабидің мұраларын бойынша педагогикалық көзқарастарын талқылау ұйымдастырылғанын айтып кетсек, А. Көбесов өз еңбегінде: «По аль-Фараби педагогика – это искусство управление волей и желанием воспитуемого человека в определенном направлении, соответствующими средствами и методами, а правитель – педагог, наставник, учитель» деп айтып өткендей [5], данышпанның табиғи қабілет және оқу мен тәрбие негізінде берілетін тәлім туралы талдау жасаған жұмыс бағыты осы үлгіде болашақта берілетін тапсырмаларды:

- шығарма мазмұнымен таныса отырып, тәрбие мен білім беруге қатысты педагогикалық көзқарасқа негіз болатын ақпаратты (мәселені) анықтай білу;
- таңдалған ақпаратты тұлғаны дамыту, іс-әрекет пен қарым-қатынас тұрғысынан талдап, уақыт пен жаңашыл идеялар кеңістігінде қарастыру;
- айтылған пікірлер мен идеяларды ой өнімі ретінде зерттеу және педагогикалық, әдістемелік мақсатта қолдануға ұсыныстар жасау міндеттері қойылды.

Студенттермен біріге жоспарлаған тапсырманы орындау барысында Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иүгінеки еңбектері мазмұны, құндылықтарын танумен қатар, оның педагогикалық аспектілерін қарастырып, педагогикалық категорияларын танып-білуге ықпал ететін әдебиеттермен танысу жұмыстары тұрды. Бұл орайда ұсынылған әдебиеттермен жұмыс әдіснамалық білім туралы көзін меңгертуді көздеп, әдебиетті оқытуда инновациялық, жобалық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану нәтижелері бойынша О.О. Путило, А.О. Путило [6], білім берудегі инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі туралы А.Е. Пальтов [7], педагогикалық-психологиялық зерттеулер жүргізу әдіснамасы мен әдістері, нәтижені педагогикалық практикаға енгізу мәселелері жөнінде П.И. Образцов [8], оқу процесін шығармашылыққа толы ізденіспен, жаңа жұмыс формаларын қолдана отырып ұйымдастыру туралы мол ақпарат беретін В.К. Дьяченко [9] еңбектерін оқып, талқылаудан басталды.

Әдіснаманың ғылыми және танымдық іс әрекеттің процедураларын сипаттайтын, ғылыми қызметтің дұрыс не бұрыс екенін нақтылайтын рефлексия нәтижесі екенін білумен қатар, студенттер әдіснаманың танымдық процесс негізінде алынған білімді қалай қолдану мәселелерін анықтайтынын да жете түсінеді. Осы білімді өз тәжірибесінде қолдану, оқу өнімділігіне көз жеткізу, сапалы жұмыс істеуге мүмкіндігін қарастыру үшін төмендегідей оқыту технологияларымен жұмыс жасау ұсынылды:

1. Проблемалық оқыту
2. Сызба және белгі модельдері (тірек сызбалар) негізінде оқыту технологиясы
3. Ақпараттық-коммуникативтік технология
4. Кейс-технология.

Бұл технологиялар мақсатты түрде таңдалды әрі күткеніміздей студенттердің ізденісін толықтырып, үйлесімді нәтижеге қол жеткізді. Білімді өзектендіріп, оқу ситуациясында тың тұрғыдан қолдануға мүмкіндік беретін белсенді оқыту формасы болып табылатын проблемалық оқыту технологиясы жаңа материалмен жұмыс кезеңінде және білімді бекіту барысында проблеманы анықтау, анықталған проблемамен жұмысты қарқынды жүргізуге жол ашты. Сызба және белгі модельдері (тірек сызбалар) негізінде оқыту технологиясы студенттердің материалмен жұмыс барысында ой жүйелілігі, мәліметтер тізбегі мен реттілігін нақтылау, ақпарат пен деректерді аргументтер мен фактілер келтіре отырып сауатты жеткізуге дағдылану бағдары болды.

Ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату үшін қолданылатын әдістер мен құралдардың жиынтығы болып табылатын ақпараттық технология студенттердің пәндік білімін сандық технология тұрғысынан тереңдетуге, операциялық жүйелер және электронды кестелер құру, модельдеу бағдарламалары бағытында жоба жұмыстарын жасауға мүмкіндік тудырды. Кейс-технология студенттің еркін әрі өнімді жұмыс істеуіне жол ашты. Тапсырмамен жұмыс барысында қолданылған жоба әдісі, рөлдік ойындар, ситуациялық талдаулар т.б. әдістер проблеманы уақытша шешу ғана емес, проблеманы шешу барысында көрінетін өзге де проблемаларды шешуге қажет кешенді білім өзектілігін түсінуге де ықпал етті. О.С. Виноградованың: «При выделении и формулировке

проблемных ситуаций на любом уровне преподаватель должен руководствоваться следующими требованиями: не постулировать истины в готовом виде, а выявлять и показывать противоречия, детерминирующие зарождение и развитие того или иного явления; ориентировать студентов на максимальную самостоятельность в познавательной деятельности; соотносить проблемную ситуацию, с одной стороны, с тезаурусом обучаемых, а с другой – предусмотреть, чтобы она была достаточно трудной, а не банальной; опираться на основные дидактические принципы (научность, систематичность, наглядность и т. д.)» деген тұжырымды ойы оқу процесіндегі проблемалық жағдаятпен жұмыс барысында студенттің нәтижелі жұмыс істеуіне бағдар болды [10]. Инновациялық технология білімді меңгеруге ғана емес, жеке әлеуметтік тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандығын, тұлғаның өзіне тән жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қабілет-қарымын ескере отырып дамыту қажеттілігін түсінді. Өз жұмыстарында оқу процесінің негізін интербелсенді әдістемелер құратынын айта келіп, жұмыс түрлері мен әрекеттерінің нәтижелілігін тәжірибе мысалдары арқылы ашып көрсеткен Ә. Әлімовтің еңбегі үлкен көмек көзі болғанын атап көрсетті [11].

Нәтижелер мен талқылау. Ғасырлар бойы ұрпақ игілігіне жарайтын көне мұралар заманауи әдістер және жаңаша ойлау тұрғысынан оқытылуы – күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі және өзектісі. Міне, осы талапқа сай келетін инновациялық технологиялармен жұмыс әдеби мұраларды оқыту барысында төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- дерек көздері және қажетті материалдармен тиянақты жұмыс жүйесін қалыптастыру;
- еңбектер мазмұнына қатысты тың идеялар мен мәселелер тұрғысынан проблема көтеру, зерттеу және жұмыс тәсілдерін кеңейту;
- әр мәселенің мәні мен маңызын анықтау тұрғысында жобамен жұмыс, бағалау және ғылыми тұжырым негіздерін меңгертуге басымдық беру.

Бұл тұста PBL (problem based learning-мәселеге-бейімдеп оқыту) технологиясы үздік нәтиже береді. Жобаға бағытталған оқытудың басты бағыттары: проблеманы анықтап жоба ретінде жоспарлау, жүзеге асыру барысында жан-жақты жұмыс істейтін топты (команданы) қалыптастыру және атқарылған жұмыс фазалары бойынша жұмысты бағалау.

Жобаға бейімдеп оқыту бойынша Жүсіп Баласағұни еңбегі негізінде жоба жұмысы қолға алынды. Жұмысты жүзеге асыру фазалары анықталды.

Жоба фазалары

| Жұмыс алгоритмі | Бағалау параметрлері |
|---|---|
| Проблеманы анықтау | Проблеманың өзектілігі |
| Жұмыс жүйесін жоспарлау | Нақты мақсат және күтілетін нәтиже |
| Тапсырма бөлу, жұмыс мерзімін белгілеу, орындалуын талқылау | Тапсырманы сапалы орындау бағдары мен тәсілдер. Топтық жұмыстың тиімділігі мен ерекшелігі |
| Жобаны қорғауға дайындау | Жұмыстың аяқталуы, мазмұндылық сапасы |

Бұл кесте негізінде студенттер еңбектің үш нұсқасы бойынша ақпараттарды жинақтап көрсетті. Сызба кестелерді қолдана отырып, өз жобаларын қорғады. Осы бағытта атқарылған жұмыстың нәтижесінде «Құтты білікті» бүгінгі күндегі менеджмент ұғымына қатысты қарастырып, мемлекет басқару ісіндегі заманауи жоба ретінде ұсыну идеялары айтылып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алатын жоба ретінде оқыту, зияткерлік болмыстағы ұлт тұлғасын дайындау жобасы ретінде қарастыру жөніндегі ұсыныстар проблемалық оқыту тұрғысынан талқыланды.

Жобалық оқыту (PBL) барысында студенттер білімділік пен іскерлікті қатар алып жүруді үйренді. Жоба қорғау қорытындысында студенттер инновациялық технологияларды қолдану сапалы білім мен нәтижелі жұмыс негізі және педагогикалық процестің қарқынды әрі тиімді жүргізілуіне әсері мол екенін айтып, Қ.Бітібаеваның: «таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды тұжырым жасата білуде» деген сөздерімен маңыздылығын тұжырымдады. [12].

Оқыту барысында жалпы инновацияның үш түрін (модификациялық, комбинаторлық, радикалды) жан-жақты зерделеп, тәжірибеде қолдануға басымдық берілді. Модификациялық инновация ерекшелігі тірек сызбалар, графикалық үлгілерді қолдану мен ақпараттық технология жұмыс нәтижелерінде айқын көрінсе, радикалды инновация қажеттілігін мемлекеттік стандарт негізінде білім сапасы өлшемі, параметрлер мен деңгейлік оқыту көрсеткіштеріне қатысты талдап,

қажеттілігі мен маңызын танып білді. «При проектировании занятия педагог сам выбирает, какую из этих форм он будет использовать, учитывая специфику усваиваемого содержания. Проектируя занятие, педагог должен ориентироваться на развитие обучающихся посредством расширения самостоятельности и инициативы, использование их активной деятельности» деген М.В. Самойлованың пікірін келтіре отырып, сабақ процесі педагогтің біліктілігі мен шеберлігі, білім алушылардың белсенділігін арттыру ізденісі екеніне тоқталды [13]. К.С. Құдайбергенова «кез келген ғылым – танымның әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, әдіснамалық негізін қалыптастыратынын, қызметті ұйымдастыруда әдіснамаға қажеттілік туындайтынын» атап көрсеткеніндей, студенттер инновациялық технологияны қолдану әдіснамасы туралы білім көзін игеріп қана қоймай, қолдана білді.

Қорытынды. Ежелгі дәуір әдебиетін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану – студенттердің педагогикалық іс-тәжірибе жасау мүмкіндігі, инновациялық принциптер мен заңдылықтарды танып-білу мен педагогтің инновациялық мәдениетін, заманауи іскерлік қабілетін меңгеру мен зерттеу қадамы. Инновациялық технологияларды қолдану барысында педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен оқу процесінің әдіснамалық негіздерін танып-білді. Студенттердің шығармашылығы мен еркін ойлау, тың шешім табу белсенділігі артты. Студенттер жобаны орындау барысында нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік берген коллаборативті орта құра алды. Бұл – тұлғаны қалыптастыратын іскерлік орта. Жаңашылдық, тың шешім мен ізденістерге жол берген инновациялық технология ескіге жаңаша көзқараспен қарау, талдауды ерекше тың әдістермен жүргізу өрісі мен өзгеріс бастауы екен студенттер кері байланыста нақты атап көрсетті. Олар ынтымақтаса жұмыс істеу негізінде әлемдік деңгейдегі құнды шығармалар туралы ақпараттар мен деректерді жинақтап, зерттеу, шығармашылық ізденіс, мәлімет жинақтау, оны талдау, өңдеу іскерлігін меңгерді. Ақпараттық технологияларды (локальді, глобальді) электрондық желілерді қолдану, білім сапасы мен студенттің АКТ құзыреттілігі деңгейі анықтау жұмысы да іске асырылды.

Қарахан дәуіріндегі шығармаларды оқытуда инновациялық технологияны меңгеру, пайдалану педагогикалық тәжірибе жинақтау, жүйелі түрде жұмыс жасап, сапалы білім нәтижесіне қол жеткізу міндеттерін қамтыды. Студенттер педагогтің жаңа инновациялық технологияны меңгеру, қолдану барысында өзін-өзі дамытуға, өзіндік шеберлігін қалып-тастыруға мүмкіндік алатынын Қарахан әдебиеті материалдарымен жұмыс барысында жақсы түсінді. Олар кері байланыс парақшасында инновациялық технологиялардың «өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс екені», «білімді ғылыми-теориялық негізде меңгеріп қана қоймай, тәжірибелік қолданысқа бейімдеуге әдіснамалық білім қажеттілігі» туралы және «өз білімі мен тәжірибесін кез келген ортада бөлісе алатын шебер педагог» ретінде даму бағдары екенін жарыса жазды. Сонымен қатар инновациялық технологияларды қолдануда концептуалдылық, жүйелілік, тиімділік, динамикалық қырларын талдап, білім беру аспектілерін, нәтижеге қолжеткізу алгоритмдерін талдап көрсетті. Бұл пәнді оқытуда инновациялық технологияларды қолдану мақсатымызға қол жеткізгеніміздің дәлелі және жаңа жұмыс бағыттарын межелеу мүмкіндіктері.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары // Құрастырушы Қошқарбеков Н. АОМҚДИ әдіскері// Алматы 2007. – 5 б.
2. Краевский В. В. *Методология педагогики: Пособие для педагогов-исследователей.* Чебоксары: Издательство Чуваши, 2001 – 7с.
3. Мынбаева А.К., З.М. Садвакасова., *Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать.* 2009, – С. 39.
4. Бітібаева Қ. *Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы.* Алматы, –2010 – 4б.
5. Кубесов А. *Педагогическое наследие аль-Фараби.* Алма-Ата: Мектеп, – 1989, – С. 27.
6. *Инновационные технологии в области литературного образования: учебное пособие / О. О. Путило, А. О. Путило.* – Волгоград : Научное издательство ВГСПУ «Перемена», 2021 – С. 112.
7. Пальтов А.Е. *Инновационные образовательные технологии: Учебное пособие.* – Владим. Гос. ун-т им. А.Г. Столетовых. – Владимир : Изд-во ВлГУ, 2018
8. Образцов П.И. *Методы и методология психолого-педагогического исследования.* – СПб.: Питер, 2004.

9. Дьяченко В. К. «Сотрудничество в обучении. О коллективном способе учебной работы». — М.: Наука, 1991. — С. 24-57, 60-81.— (Мастерство учителя: идеи советы, предложения).
10. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемелі ЖОО–да қолдану мәселелері. Оқу құралы. — Алматы, 2013. — 243 б.
11. Виноградова, О.С. Целесообразность использования проблемных методов в обучении ИЯ на продвинутом этапе в специализированном вузе / О.С. Виноградова // Актуальные вопросы практики преподавания иностранных языков: сб. материалов науч.–практ. конф. вузов Москвы. — М., 2003 — С. 52–642.
12. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі.Рауан. Алматы, 1997. —15 б —288б.
13. Самойлова М.В. Педагогическое проектирование: учебное пособие. ИП Хотеева Л.В., Симферополь, 2019. — 72 — С. 124.
14. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. Алматы, 2008.—328б
15. Қыраубаева А.А. Мыңжылдық жолаушы, 5–том. Алматы: Өнер, 2012. — 528 б

References:

1. Qazirgi kezdegi oqytıdyń pedagogikalıq tehnologialary // Qurastyryshy Qoshqarbekov N. AOMKDI ádiskeri// Almaty 2007. — 5 b.
2. Kraevskı V.V. Metodologia pedagogiki: Posobie dlá pedagogov–issledovatelei. Cheboksary: Izdatelstvo Chývash, 2001 — 7s.
3. Mynbaeva A.K., Z.M. Sadvakasova., Innovatsionnye metody obýchena, ili kak interesno prepodavat. 2009, 39 s.
4. Bitibaeva Q.Ádebietti oqytıdyń inovatsialıq ádistemesi, tehnologiasy. Almaty, —2010 — 4b.
5. Kýbesov A. Pedagogicheskoe nasledie al–Farabi. Alma-Ata: Mektep, — 1989, 27s.
6. Innovatsionnye tehnologu v oblasti literatýrnogo obrazovaniya: ýchebnoe posobie / O. O. Pýtlo, A. O. Pýtlo. — Volgograd : Naýchnoe izdatelstvo VGSPÝ "Peremena", 2021 — 112 s.
7. Paltov A.E. Innovatsionnye obrazovatelnye tehnologii: Ýchebnoe posobie. — Vladim. Gos. ýn–t im. A.G. Stoletovıh. — Vladimir : Izd–vo Vlgý, 2018
8. Obrazsov P.I. Metody i metodologia psihologo–pedagogicheskogo issledovaniya. — Spb.: Piter, 2004
9. Dáchenko V. K. "Sotrydnichestvo v obýcheni. O kollektivnom sposobe ýchebnoi raboty". — M.: Naýka, 1991. — S. 24-57, 60-81.— (Masterstvo ýchitelá: idei sovetı, predlojenia).
10. Álimov A.Q. Interbelsendi ádistemeni JOO–da qoldanı máseleleri. Oqý quralı. — Almaty, 2013. — 243 b.
11. Vinogradova, O.S. Selesoobraznos ispolzovaniya problemnyh metodov v obýcheni IA na prodvınıtom etape v spesializirovannom výze / O.S. Vinogradova // Aktýalnye voprosy praktiki prepodavaniya inostrannyh iazykov: sb. materialov naých.–prakt. konf. výzov Moskvy. — M., 2003 — S. 52–642.
12. Bitibaeva Q.O. Ádebietti oqytı ádistemesi.Raýan. Almaty, 1997. —15 b —288b.
13. Samoilova M.V. Pedagogicheskoe proektirovanie: ýchebnoe posobie. IP Hoteeva L. V., Simferopol, 2019. — 72 — 124 s.
14. Qudaibergenova K.S. Quzyrlylyq bilim sapasynyń kriterui: ádisnamasy jáne ғылыми–teorialıq negizi. Almaty, 2008.—328b
15. Qyraybaeva A.A. Myńjyldyq jolayshy, 5–tom. Almaty: Óner, 2012. — 528 b